



БҰЙРЫҚ

01.09.2022 ж.

Теміртау қаласы

ПРИКАЗ

№ 224 Н/Б

город Теміртау

**2022-2023 оқу жылында
тамақтандыру сапасына
мониторингі жөніндегі
сараптамалық тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай – ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалармен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына, ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Гимназияда қамқоршылық кеңес, әкімшілік пен медицина қызметкерінің өкілдерінің қатысуымен тамақтану сапасына мониторингі жүргізу жөніндегі комиссия құрылсын және оның жұмысы қамтамасыз етілсін:

1. Комиссия төрайымы: директор – К.Нургалиева
2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары – А.Исаева;
3. Медбике – Г.Тлеубалденова;
4. Ата-ана – Л.Отарбай;
5. Бас аспазшы - М.Нагашыбаева
6. Қамқоршылық кеңес төрайымы - Г.Агынбаева

2. Медбике Г.Тлеубалденова-күн сайын тамақ тарату алдында дайын, тағамдардың сапасын органолептикалық бағалау жүргізу журналына жазба енгізе отырып, органолептикалық бағалау жүргізілсін;

2.1. Дайын өнімнің тәуліктік сынамаларын бақылау, іріктеу және сақтау жүзеге асырылсын;

2.2. Медбике мен директордың тәрбие жөніндегі орынбасары және сынып жетекшілері инфекциялық аурулардың алдын – алу мәселелері бойынша асхананың қызметкерлерінің өкілдерімен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілсін;